

своеобразия оригинала, что свидетельствует о его глубоком понимании роли литературы в развитии национальной культуры.

Важным свойством публицистики Букетова является ее диалогичность. Он обращается к читателю как к собеседнику, будь то друг, коллега или соотечественник. Его тексты лишены официозной риторики: даже в газетных публикациях чувствуется личное присутствие автора, искренность и открытость. В учебном пособии «Е. Букетов – аудармашы және публицист» подчеркивается, что именно эта интонационная особенность делает его тексты живыми и актуальными [7]. Благодаря этому публицистика Букетова воспринимается не только как культурный документ эпохи, но и как произведение, сохранившее современное звучание.

Основной ценностью творческой и публицистической работы Евнея Букетова заключалась в умении превратить литературные тексты в инструмент пробуждения коллективного «я» нации. Через художественные образы и правдивые зарисовки из жизни он выстраивал мост между прошлым и настоящим, тем самым помогая читателю видеть в себе носителя собственной культурной традиции. Его тексты утверждают ценности честности, труда, гражданской ответственности, что особенно важно для молодежной аудитории. Исследователи отмечают, что в публицистике Букетова совмещаются три начала: научное, художественное и нравственно-гражданское, и именно это сочетание делает его наследие уникальным для казахстанской культуры конца XX века [3; 5].

Исходя из этого, можно утверждать, что художественно-публицистическая деятельность Евнея Арыстановича Букетова предстает неотъемлемой частью его многогранного наследия и в значительной степени дополняет его образ не только как учёного-металлурга, но и как мыслителя-гуманиста, глубоко переживавшего за судьбу человека и общества. Его тексты можно рассматривать как связывающее звено между наукой и литературой, где строгая логика исследователя соединяется с художественной выразительностью писателя. В публицистике Букетова важное место занимает осмысление роли интеллигенции, нравственной ответственности учёного, значимости духовного и культурного наследия народа. Именно это придает его работам универсальный характер и позволяет говорить о них не только как о памятнике своей эпохи, но и как о произведениях, сохраняющих актуальность в наше время.

Особенность художественно-публицистического стиля заключается в стремлении превратить каждое произведение в диалог с читателем, в попытку пробудить размышления, а не навязать готовые ответы. Благодаря этому его тексты продолжают восприниматься современным читателем как живое слово, а не как документ ушедшей эпохи. Публицистика академика демонстрирует органичное соединение документальной основы и образного письма, аналитической строгости и эмоциональной насыщенности. Именно это делает творчество Евнея Арыстановича важным этапом в развитии казахстанской литературной публицистики второй половины XX века.

На сегодняшний день, когда вопросы нравственной позиции интеллигенции, осмысления научного прогресса и сохранения культурной идентичности вновь приобретают остроту, публицистическое наследие Букетова обретает новое звучание. Его размышления о долге перед обществом, о ценности духовного наследия и о месте науки в судьбе народа могут служить опорой для современного читателя и исследователя. Всё вышеизложенное позволяет резюмировать, что творчество Евнея Арыстановича Букетова, соединяющее в себе элементы художественной прозы, публицистики и критики, является не только ценным фактом литературного процесса, но и интеллектуальным ориентиром, помогающим по-новому взглянуть на взаимодействие науки, культуры и общества.

Список использованной литературы

1. Абдрахманов О. Штрихи к портрету: к 80-летию со дня рождения Е.Букетова // Индустриальная Караганда. – 2005. -1 марта. – С. 10.
2. Значение литературы в творчестве академика Е. А. Букетова // Вестник Томского политехнического университета. – Томск, 2010. – № 3. – С. 115–120.
3. Художественное бытие невымышленного: проза Е. А. Букетова // Репозиторий Карагандинского университета имени Е. А. Букетова. – Караганда, 2015. – С. 45–57.
4. Научное наследие Е. А. Букетова: материалы научной конференции. – Караганда: Изд-во Карагандинского университета, 2005. – 210 с.
5. Асанұлы К. Евней Букетов публицистикасы // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2002. – № 14. – С. 34–37.
6. Евней Арыстанович Букетов: библиографический указатель. – Караганда: Изд-во Карагандинского университета, 2000. – 320 с.
7. Куандықова Д. К. Е. Букетов – аудармашы және публицист: оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 140 б.

ӘОЖ 378.147:316.477

Е.А.БӨКЕТОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ӨНЕГЕСІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шахина С.Ж., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Евней Бөкетов жайлы сөз қозғағанда оның терең білімді ғалым, ерекше туған, жан-жақты дарын екені халқымыздың жүрегіне орныққан белгілі ұғым. Metallургиялық химияның өрістеу жолында бұрынғы Одаққа аты кең тараған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылым докторы, профессор, бірнеше шетелдік патенті бар, ғылым мен өндірісті тығыз байланыстыра білген жаңашыл адам.

Е.А.Бөкетовтің селен мен теллурдың Қазақстандағы ірі зерттеушісі ретінде, әлемдік дәрежеде түсті және қара metallургияның өндірістік қажетін, жаңа металдарды табиғи қосындыларынан бөліп алудың майталманы және

көмірден мұнай түзіп алудың жол бастаушысы. Ол - Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың таңдаулы шәкірттерінің бірі болып, Қарағандыдағы Химия металлургия институтын он екі жыл басқарған, ғылымға еңбегі сіңген үлкен қайраткер.

Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалап, сегіз жыл басқарған тұңғыш ректоры, ғылым мен білімнің көрнекті ұйымдастырушысы.

Жалпы алғанда Е.А. Бөкетов сынды жеке тұлғаның туған халқына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сондықтан өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқып, үйреніп жатқан білім алушылар үшін Евней Арыстанұлы жайлы ақпарат берудің маңызы зор деп есептейміз.

Сөзімізге орай, сабағымыздың тақырыбын Е.А.Бөкетовтің өмірі мен өнегесіне арнағанды жөн санадық.

Сабақ тақырыбы: **Е.А. Бөкетовтің өмірі мен өнегесі.**(Қазақ тілі А2 деңгейі)

Сабақ мақсаты: **Білімділік:** Тіл үйренушілерді Е.А.Бөкетов туралы жаңа ақпараттармен таныстыру.

Дамыту: Білім алушының қазақша ой-өрісін, сөздік қорын молайту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелеу: Еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың кіріспе бөлімінде студенттерден Е.А.Бөкетов туралы не білетіндерін сұрап, сұқбат жүргізілген соң, жаңа мәтінге назар аудартамыз.

ОҚЫЛЫМ. Топтық жұмыс. Тапсырма:а) Мәтін бойынша жаңа сөз тіркестерін жазып, аударыңыз; ә) Мәтінді оқып, мазмұнына сәйкес сұрақтар қойып, сұқбаттасыңыздар.

Жаңа сөздер:

Мал баққан -

Орта шаруалы -

Ашаршылық жылы -

Астық совхозы –

Кен металлургия институты -

Мыс кендерін қорыту технологиясы –

Өндіріске енгізу –

Жеңіл және сирек металдар –

Оқу ісі жөніндегі орынбасары –

Бөкетов Е.А.

Е.А.Бөкетов 1925 жылы наурыз айының 23 күні Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданының Бағанаты ауылында дүниеге келген. Әкесі Арыстан Бөкетовтың мал баққан, орта шаруалы адам болған. Ашаршылық жылы әкесі отбасымен Челябин облысының Макушин астық совхозына қоныс аударып, қара жұмыс істейді. 1932 жылы Е.А.Бөкетов Макушин астық совхозындағы орта мектепке барады. Отбасы жағдайымен 1938 жылы Октябрь ауданының орталығы Марьевка селосындағы орта мектепте оқиды. 1941 жылы 9-ыншы сыныпты бітіргеннен кейін, бастауыш және орталау мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 1945 жылы сырттай дайындалып, Марьевка орта мектебінде 10 сынып көлемінде емтихан тапсырады. Сол жылы Қазақ кен металлургия институтына оқуға түсіп, 1950 жылы институтты бітірген соң, аспирантураға түседі. 1954 жылы диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алады. 1967 жылдан техника ғылымдарының докторы, профессор. 1969 жылы Балқаш комбинатында мыс кендерін қорыту технологиясын өндіріске енгізу жолындағы сәтті еңбегі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1970 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ал 1975 жылы академигі болып сайланды. 1971 жылы СССР Жазушылар одағына мүше болды.

Е.А.Бөкетов 1954-1958 жж. Қазақ кен металлургия институтының жеңіл және сирек металдар кафедрасының ассистенті және доценті болып еңбек етті.

1958-1960жж. институт ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.

1960-1972 жж. Қарағандыға ауысып, Қазақ ССР Ғылым академиясының химия металлургия институтының директоры;

1972 жылдың наурыз айынан 1980 жылдың қаңтарына дейін Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры;

Соңғы жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді.



Е.А.Бөкетов 1983 жылы қайтыс болды [1,8].

ТЫҢДАЛЫМ. Тапсырма: а) Мәтінді тыңдап, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз; ә) мәтін мазмұнына арналған кластер құрастырыңыз.

Е.А.Бөкетовтің қазақ әдебиеті, мәдениеті үшін қалдырған мұрасы аз емес. Ол - ақын, жазушы, публицист. Оның ғылыми-танымдық мақалаларының мәні зор. Мысалы, «Қара металлургия алыбы», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары», «Табиғат-тіршілік көзі», «Табиғат ананы аялай білейік» атты мақалалары қоршаған орта, табиғат, экология мәселелеріне арналған.

Е.А.Бөкетов көрнекті аудармашы ретінде кеңінен танылды.

Аудармалар жинағына тоқталсақ, Евней Арыстанұлы В.Шекспирден “Макбет”, “Юлий Цезарь”, Джон Флетчерден “Испан сопысы” атты драмалық шығармаларын, сондай-ақ, В.В.Маяковскийдің “Қандала”, “Тамара мен Демон”, “Керемет” атты поэмаларын, С.Есениннің “Анна Снегина” атты поэмасын және “Советтік Русь”, “Келіншекке хат”, “Качаловтың итіне” атты өлеңдерін аударған [2,93].



ЖАЗЫЛЫМ. Тапсырма: Төменде берілген ақпараттың мағынасын түсініп, қазіргі экологиялық мәселелермен салыстырып жазыңыз.

«Бүгінгі таңда гүлдерді баспа, ағашты сындырма деу аз. Ол табиғатты қорғаудың негізгі проблемаларын ескермеу болып табылады. Осыған дейін біз белгілі бір процестің технологиялық, экономикалық жағын ескерсек, ендігі жерде экологиялық проблемаларды бірге шешу керек болады» [3,196]

АЙТЫЛЫМ. Тапсырма: Топ болып, өз ой-пікірлеріңізді айтып, талқылаңыздар.

I топ:

1. *«Түйме үшін азаматтар үйленбе!*

Түйме үшін әйеліңнен жиренбе!» [4,246]

II топ:

2. *«Қайрап ұста, пышағыңды болсын десең жүзі өткір,*

Қайра, безеп тіліңді

Болсын десең сөзі өткір» [4,247]

ОҚЫЛЫМ. Тапсырма: а) Өлеңді оқып, жаңа сөздерді аударыңыз;

ә) Өлең не туралы? Мағынасын түсініп, өз ойыңызды айтыңыз.

« Қараңыз...

Атқан таң ба бұл?

Көкжиек өртке ұқсайды.

Сепкендей елес жанға нұр,

Жақсылық сезім қостайды.

Балдырған бала кезіміз,

Қоштады күзгі гүл алаң,

Жарасты ынтық сөзіміз,

Он алты жасар екі адам...» [4,414]

ЖАЗЫЛЫМ. Тапсырма: Мақалды оқып, ПОПС формуласын колданып, өз ойыңызбен толықтырыңыз:

« Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей,

Қарттықта оқыған оқуың – мұзға жазғанмен бірдей»

Менің ойымша...

Өйткені...

Мысалы...

Дегенмен...

Сондықтан...

Сонымен...

Үйге тапсырма: а) Өткенді қайталау. ә) Оқу-білім туралы мақал-мәтел жаттау.

Қорытындылай келе, сабақ барысында бүгінгі білім алушы жастарға, әсіресе тіл үйренуші студенттерге, Е.А.Бөкетов жайлы ақпараттар беріп, олардың ой-өрістерін, қазақша сөздік қоры мен сөйлеу дағдыларын дамытудың маңызы ерекше деп есептейміз. Ескеретін жайт, сабақ тақырыбына сәйкес сөйлеу әрекеттеріне арналған тіл ұстарту жұмыстарын түрлендіріп оқыту – әр оқытушының әдістемелік шеберлігіне байланысты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сәрсекке М. Ебіней Бөкетов : ғұмырнаамалық деректі хикаят / Медеу Сәрсекке. - Алматы : Қазақстан, 2005. - 503 б.
2. Асанұлы Қойлыбай. Евней Букетов – публицист: Оқу құралы, - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005.
3. Букетов Е. Көкейкесті = Сокровенное : научное издание / Е. А. Букетов. - Қарағанды : Арко,2002. - 2-ші кітап. - 406 б.
4. Букетов, Е. А. Собрание сочинений = Шығармалар жинағы : в 6 т. / Е.А. Букетов. - Карағанды:Арко. 4 т. - . - 2005. - 433 с.